

Абышева Ә.Н., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, заң факультеті, Ю-30 тобының студенті

(Ғылыми жетекші – з.ғ.м., аға оқытушы **Базарова Г.С.**)

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА МҮМКІНДІКТЕРІ ШЕКТЕЛГЕН ЖӘНЕ МҮГЕДЕК БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ САҚТАЛУ МӘСЕЛЕСІ

Адамның ең маңызды игілігі – жеке басының бостандығы мен құқықтары. ҚР Конституциясында «Азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік беріледі. Орта білім алу міндетті» деп бекітілген. Білім алу конституциялық құқықты қолданушылар ішінде ерекше құқықтық мәртебедегі субъектілер бар. Осындай субъектілер қатарына мүмкіндігі шектеулі мүгедек балалар жатады. Осы топтағы субъектілердің ерекше құқықтық мәртебесі – құқықтарының қосымша мемлекет тарапынан кепілдіктермен қамтамасыз етілуі жатады. Ондай кепілдіктердің орта білім алу болып табылады. Бірақ мүмкіндіктері шектеулі мүгедек балалардың білім алу құқықтарында қиыншылықтар туындайды.

Осы нормаларды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы бірқатар халықаралық актілерге қосылып және ұлттық заңнаманы қалыптастырды.

Аталмыш нормаларға сай Қазақстанда әр бала келесі құқықтарға ие болуы керек:

- Баланың қадір-қасиетіне қол сұғылмайды;
- әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі
- жеке адамның білімдарлығын ынталандыру және дарындылығын дамыту;
- Мемлекет инклюзивті білім берудің мақсатын іске асыра отырып, білім берудің барлық деңгейінде даму мүмкіндіктері шектеулі азаматтарға олардың білім алуына, дамуындағы ауытқуды түзетуіне және әлеуметтік бейімделуіне арнайы жағдайлар жасауды қамтамасыз етуге құқығы [1].

«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау» туралы Заңның 4- тарауында кемтар балалардың құқықтары бекітілген, нақты ата-аналарының және өзге де заңды өкілдерінің құқықтары мен міндеттері көрсетілген. 15-бап кемтар балалардың әлеуметтік және медициналық-психологиялық түзеу арқылы қолдауды кепіл түрде тегін алуға құқығын бекітті. «Балалардың құқықтары туралы Конвенцияда» мүмкіндігі шектеулі балалардың ерекше күтімге, білім алуы мен дайындығына, әлеуметтік ортада, қоғамда толық құқылы өмір сүруін қамтамасыздандыру мазмұны 23-баптарында нақты көрсетілген. Олардың мүмкіндіктері шектеулі болсада, мәртебесі сау адамдармен тең дәрежелі. Атап айтқанда мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың қалыпты дамыған адамдармен әлеуметтік жағынан да, саяси, азаматтық, экономикалық, мәдени жағынан тең құқылы екендігі айтылған. Дамыған елдерде мүгедектердің құқықтарын бекіту тетіктері әртүрлі: Канадада тең құқылық және мүгедектерді кемсітуге тыйым салу қағидаты – елдің Конституциясында, Германияда – Негізгі заңда, Әлеуметтік заңдар кодексінің арнайы тарауында, «Мүгедектер туралы», «Оналту жөніндегі шаралардың біркелкілігі туралы», «Қоғамдық көлікті пайдалануда мүгедектерге жәрдемдесу туралы», «Мүгедектер арасында жұмыссыздыққа қарсы күрес туралы» заңдарда, Ұлыбританияда – «Мүгедектерді кемсітпеу туралы», «Ұлттық көмек туралы», «Мүгедектер туралы», «Өмір бойы мүгедектігі бойынша және жұмыс істейтін мүгедектер үшін жәрдемақылар туралы», «Әлеуметтік қамсыздандыру туралы» арнайы заңдарда, Венгрияда – «Мүгедектердің құқықтары және олар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету туралы» заңда жазылған. Швецияда, АҚШ-та, Норвегияда, Финляндияда, Ұлыбританияда, Канадада және Германияда ертерек араласу бағдарламасы дамыған, мақсаты – көмекке мұқтаж баланы мүмкіндігінше ерте анықтау және оған осы көмекті көрсету [2].

Мүмкіндіктері шектеулі мүгедек балаларға білім беру жүйесінің әлемдік тәжірибеде үш моделі қалыптасқан. Оларға: а) посткөненік модель: ерекшелігі болып балалардың білім алу құқығы арнайы мектептермен мектеп-интернаттарда жүзеге асырылады; б) Скандинавиялық-американдық модель: бұл модельдің ерекшелігі – мүмкіндіктері шектеулі мүгедек балалар білім алу құқығын жалпы білім беру мекемелерінде жүзеге асырады және аталмыш категориядағы балаларға арнайы жағдайлар қалыптастырып, арнайы білімі бар оқытушылар мен қызмет көрсету персоналмен қамтамасыз етіледі; в) еуропалық модель – жоғарғы екі модель элементтерінен тұрады. Мүмкіндіктері шектеулі мүгедек балалардың ата-аналары білім беру жүйесін таңдау құқығына ие.

2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту мемлекеттік бағдарламасының басты мақсаты ретінде білім беру үдерісінің барлық қатысушыларын жақсы білім беру қорлары мен технологияларына тең қолжетімділігін қамтамасыз ету болып табылады. Бүгінгі

таңда әлеуметтік тұрғыдан осал топ өкілдерінің балаларына білім беру және оларды кәсіби тұрғыдан белгілеу мәселелері өзекті болып отыр. Ондай балалардың арасында ауылды жерде тұратын тілдік тұрғыдан осал және этникалық аз топ, АИТВ инфекциясы және ЖИТВ-ға шалдыққан, сонымен қатар мүгедектігі бар балалар мен оқу барысында қиындыққа тап болған балалар жатады. Еліміздің мемлекеттік саясатының басты міндеттерінің бірі – мүмкіндігі шектеулі баланың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім алу құқықтарын жүзеге асыруын қамтамасыз ету болып табылады [3]. Білім беру саласындағы халықаралық құжаттар негізінде құралған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес барлық балалардың білім алуда тең құқықтылығы қағидалары қарастырылады. Балалардың білім алуға қатысты құқықтарының кепілдіктері Қазақстан Республикасының Ата Заңы – Конституцияда, «Қазақстан Республикасында бала құқықтары туралы», «Білім туралы», «Кемтар балаларға әлеуметтік, медициналық, педагогикалық және психологиялық түзете көмек көрсету арқылы қолдау туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы» т.б. Қазақстан Республикасының заңдарында бекітілген. Республика Үкіметі барлық балалардың білім алудағы тең құқықтарынан тең мүмкіндіктеріне қағидасына негізделі отыра білім беру саласын 2011-2020 жылдарға дамыту бойынша Мемлекеттік бағдарламада негізгі міндеттердің бірі ретінде инклюзивті білім беруді дамытуды анықтады. Бағдарламада барлық балалардың, оның ішінде дамуында мүмкіндіктері шектеулі балалардың жалпы білім беру кеңістігіне кіріктірудегі нормативті-құқықтық негіздерді құру қажеттілігі анықталып, күтілетін нәтижелер белгіленді. Мүмкіндігі шектеулі баланың білім алуға құқықтарын жүзеге асырудың басты мақсаты ретінде оның дене және психологиялық ерекшеліктерін ескере отыра баланың білім алуы үшін қажетті жағдайларды жасау қарастырылған.

Инклюзивті білім беру дегеніміз – жынысы, жасы, тегі, діни көзқарасы, дамуында арта қалушылығы немесе тұрмыстық жағдайына қарамастан, барлық балаларды жалпы білім беру үдерісіне толықтай енгізу және әлеуметтік бейімдеу барысында кездесетін кедергілерді жоюға бағытталған мемлекеттің саясаты [4]. Демек, бұл үдерістің нәтижесінде білім беру жүйесін толықтай өзгеріске ұшырататын тұжырымдама жасалып, жалпы білім беретін мектеп мүмкіндігі шектеулі балаларды қабылдап, оқыту және тәрбиелеуге дайын болуы қажет. Білім берудегі инклюзивті көзқарастардың негізінде халықаралық құқықтық актілер жатыр. Олардың арасында адам құқықтары мен кез келген себеппен кемсітушілікке жол бермейтін мәселелерге қатысты Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) және Біріккен Ұлттар Ұйымының білім беру, ғылым мен мәдениет мәселелері бойынша ұйымының (ЮНЕСКО) басшылығымен қол қойылатын декларациялар мен конвенциялар бар. Олардың арасында Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясы (БҰҰ, 1948 ж.), Бала құқықтарының декларациясы (БҰҰ, 1959), БҰҰ-ның «Білім беру саласында кемсітушілікпен күрес туралы» Конвенциясы (1960 ж.), т.б.

2016 жылы 28 қаңтарда Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы конвенцияны ратификациялау туралы заңы қабылданды. Сол заңға сәйкес «кемсітушілік» сөзі: нәсілі, түр-түсіне, жынысы, тілі, діні, саяси немесе өзге де нанымдары, ұлттық немесе әлеуметтік тегі, экономикалық жағдайы немесе туу белгілері бойынша кез келген айырмашылықты, жоққа шығаруды, шектеуді немесе артқышылық беруді қамтиды, оның мақсаты немесе салдары, атап айтқанда:

- a) қандай да бір адам немесе адамдар тобы үшін білімнің кез келген сатысына немесе түріне қолжетімділікті жабу;
- b) қандай да бір адам немесе адамдар тобы тап болатын адамның қадір-қасиетімен үйлеспейтін жағдай үшін білім алуды білім беру деңгейінің төмендігімен шектеу;
- c) осы Конвенцияның 2-бабының ережесінде көзделген жағдайлардан басқа, қандай да бір адам немесе адамдар тобы үшін жеке білім беру жүйелерін немесе оқу орындарын құру немесе сақтау; немесе
- d) қандай да бір адам немесе адамдар тобы тап болатын, адамның қадір-қасиетімен үйлеспейтін жағдай білім беру саласындағы қарым-қатынас теңдігін жою немесе бұзу болып табылады.

Осы Конвенциядағы «білім беру» сөзі білім берудің барлық түрлері мен сатыларына қатысты және білім алуға қолжетімділікті, оқыту деңгейі мен сапасын, сондай-ақ ол жүргізілетін жағдайларды қамтиды [5].

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, қазіргі кезде арнайы білім беру ұйымдарында мүмкіндігі шектеулі 16664 бала, жалпы мектептердегі арнайы сыныптардың саны 762 болса, сол сыныптарда – 7582 бала оқып жатыр, ал жалпы мектептерде ешқандай әлеуметтік–психологиялық қолдаусыз оқып жатқан мүмкіндігі шектеулі балалардың саны 65 мыңнан асты [6]. Бұл ҚР білім беру саласындағы ауыр мәселенің бірі болып отырғаны ақиқат. Арнайы білім беру жүйесінің қазіргі даму кезеңінде балалалық мүгедектің алдын алу, өзекті мәселесі ретінде қарастырылады. Бүкіл әлемдік

денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қорғау ұйымдардың қызметінде кемтар балалар мен отбасына ерте жастан қолдау көрсету жетекші беталыс болып саналады. Отандық Ерсарина А.Қ, Жалмұхамедова А.Қ, Сүлейменова Р.А т.б.ғалымдардың ғылыми зерттеулері бойынша ерте жастан кемістікті анықтау және дәл сол кезден кешенді түзету жұмысын бастау, кейіннен бала дамуында басқа ауытқушылықтарды алдын алуға жол ашады. Қазіргі уақытта біріктірудің жетекші мезгілі ретінде жалпы сыныбында пән мұғаліммен қатар екінші арнайы педагогты қосу ерекше оқу орнын ұйымдастыру кең тараған дәстүр. «Шағын–мектеп» сынып құрамы ашылады. Мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмыс жеке білім беру және түзету–дамыту бағдарламамен жүргізіледі. Әр жалпы мектептерде білімді, тәжірбиелі арнайы педагог балаларға арнайы көмек көрсету мен мұғалімдерге кеңес беру қызметін атқарады. Осы атқарылып жатқан игі істердің барлығы мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғамда өз орынын табуға, дені сау балалар тәрізді білім алуына мүмкіндік жасайды. Көп жағдайда мүгедек-балалар мен дамуында мүмкіндіктері шектеулі балалар негізгі білім беру жүйесі мен өз құрбылары және педагогтар тарапынан туындайтын қатарға қоспау, кемсітушілік және сегрегациядан жапа шегеді. Кейбір балалар арнайы сыныптарға барып, не арнайы мектептерде оқиды. Білім алуға жағдайлар жасалмаған ба-лалар да бар. Инклюзивті білім берудің дамуы елімізде білім беру саласында шешім қабылдауға жауапты тұлғалардан білім беру жүйесі аумағында кедергілерді жою бойынша шараларды іске асыруды талап етеді. Аталған кедергілерге төмендегілер жатады:

- балалардың түрлі мүмкіндіктері ескерілмей құрастырылған оқу бағдарламалары;
- білім алуға кеңейтілген қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасауға мұғалімдердің дайындығының болмауы;

- оқытуға қажет құралдардың болмауы;
- оқу ғимараттарының қол жетімді болмауы [7, б. 175].

Инклюзивті білім беру мынадай нақты құндылықтар мен ұстанымдарғанегізделеді:

- әр адам білім алуға құқылы;
- білім беру туылғаннан басталады. Ерте жаста білім беру ерекше қажет, бірақ ол ересек жаста аяқталмайды, себебі бұл үдеріс өмір бойы жалғасады;
- барлық балалар білім алуы керек;
- әр адам белгілі бір сала бойынша не белгілі бір уақытта оқыту бойынша қиындықтарға тап болуы мүмкін;
- әр адам білім алу барысында көмекке мұқтаж;
- мектеп, мұғалім, отбасы бала ғана емес, өзге тұлғаларды да оқытуға ықпал етуге жауапты;
- әр түрлі болу табиғи жағдай, ол өте бағалы және қоғамды толықтырып отырады;
- біреуді кемсіте қарым-қатынас құру әрі бұндай мінез-құлық таныту сынға түсу керек.

Балаларды толеранттылық тән және әртүрлілікті қалыпты жағдайда қабылдайтын инклюзивті қоғамда өмір сүруге дайындау керек;

- мұғалімдер өздерімен өздері өмір сүрмеу керек, олар да үнемі қолдауға мұқтаж.

Кіріктіре оқыту сегіз қағидаға негізделеді:

- адамның құндылығы оның қабілеттері мен жетістіктеріне байланысты емес;
- әр адам сезіну мен ойлауға қабілетті;
- әр адам қарым-қатынасқа әрі сөзінің тыңдалуына құқылы;
- адамдардың барлығы бір-біріне мұқтаж;
- білім алу нақты өзара қарым-қатынас мазмұнында болуы мүмкін;
- барлық адамдар құрбыларының қолдауы мен достығына мұқтаж;
- білім алып отырған тұлғаларға жетістік ретінде өздері жа сай алмайтын емес, жасауға қабілетті әрекеттер саналады;
- әртүрлілік адам өмірінің барлық жақтарын күшейте түседі [8].

Инклюзивтік білім беру мүгедектілікті түсінудегі әлеуметтік тәсілдемені және көптеген халықаралық құқықтық құжаттарда бекітілген мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың білім алуға деген құқықтарын жүзе асырудың бейнесі болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру жүйесі жаңадан қалыптасу үстінде. Осы бағытта 2016 жылдың 12 ақпанда ҚР бала құқығы бойынша Уәкіл институты қалыптастырылды.

Қазақстан Республикасында мүмкіндіктері шектеулі мүгедек балалар құқықтарын қамтамасыз етудің әлеуметтік-құқықтық әдістері қалыптасқанымен, олардың құқықтарының қорғалуы мен

сақталуы бағытында мемлекет тарапынан шешілмеген бірталай мәселелер қалып отыр. Оның негізгі себептеріне:

- әрекет етуші қазақстан заңнамасын мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың толық орындамауы;

- мүмкіндіктері шектеулі мүгедек балалар құқықтарын қорғау бойынша соттық тәжірибе қалыптаспаған

- мүмкіндіктері шектеулі мүгедек балалар құқықтарына қоғамдық сананың қалыптаспауы;

Осы жоғары айтылғандарды болдырмау үшін келесідей мәселелерді шешу керек:

- мүмкіндіктері шектеулі мүгедек балалардың құқықтарын қорғауды мемлекеттік және қоғамдық бақылауды дұрыс орнату;

- мүмкіндіктері шектеулі мүгедек балалар мен олардың ата-аналарына конституцияда бекітілген «Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығын» жүзеге асыруды жетілдіру

- білім беру жүйесінде мүмкіндіктері шектеулі мүгедек балалардың білім алу құқығына модернизациялау.

Қолданылған әдебиеттер:

1. ҚР Білім туралы заңы. 27.07. 2011 ж. // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_#z11
2. <http://www.ombudsman.kz/>
3. <https://strategy2050.kz/news>
4. Гусева С.В. Основные принципы инклюзивного образования детей с ОВЗ в общеобразовательном учреждении; подходы и способы его реализации // <http://www.valeocentre.ru/06.html>
5. ҚР Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы конвенцияны ратификациялау туралы заңы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000449>
6. <http://egemen.kz/2015/10/05/843>
7. Инклюзивное образование: проблемы совершенствования образовательной политики и системы: 19-20 маусым 2008 ж. халықаралық конференция материалдары – СПб.: А.И. Герцен атындағы РМПУ баспасы, 2008. – 215 б.
8. URL: <http://inclusion.vzaimodeystvie.ru/news/i-vse-taki-obuchenie>

Аманова С., Карагандинский государственный университет имени академика Е.А. Букетова, экономический факультет, студентка гр. ФК-22

(Научный руководитель – м.э.н., ст. преподаватель **Артакинова В.С.**)

ИНВЕСТИРОВАНИЕ В ЦЕННЫЕ БУМАГИ КАК ГЛАВНЫЙ ПРИОРИТЕТ ЕНПФ

Республика Казахстан – первая из стран Содружества Независимых Государств, осуществившая реформу пенсионного обеспечения населения. В пенсионной реформе главным стал постепенный переход от распределительной системы социального обеспечения, основанной на солидарности поколений, к накопительной пенсионной системе, предусматривающей сбережения на индивидуальных пенсионных счетах в накопительных пенсионных фондах.

На этапе становления новой накопительной пенсионной системы особая стратегическая роль, заключающаяся в стимулировании ее развития, была отведена специально созданному в сентябре 1997 года постановлением Правительства РК институту – Государственному накопительному пенсионному фонду. Государственный накопительный пенсионный фонд стал своеобразной стартовой площадкой пенсионной реформы в стране: он стал первым накопительным фондом страны, принял первый пенсионный взнос и первым среди пенсионных фондов получил право на самостоятельное управление пенсионными активами.

По поручению главы Государства в январе 2013 года были внесены изменения в пенсионное законодательство страны. Одним из основных этапов реформирования системы стало создание Единого накопительного пенсионного фонда и передача ему пенсионных активов и обязательств по договорам о пенсионном обеспечении частных накопительных пенсионных фондов. Руководством страны было принято решение создать Единый накопительный пенсионный фонд на базе ГНПФ.

21 июня 2013 года был принят Закон Республики Казахстан «О пенсионном обеспечении Республики Казахстан» в новой редакции. В соответствии с пенсионным законодательством,